



АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2018 жылғы 13 қыркүйек

Бағалы қағаздар нарығында ақпаратты ашу жүйесін жетілдіру туралы

2018 жылғы 2 шілдеде «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сақтандыру және сақтандыру қызметі, бағалы қағаздар нарығы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2018 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының № 166-VI Заңы (бұдан әрі – Заң) қабылданды.

Заң бағыттарының бірі бағалы қағаздар нарығында ақпаратты ашу жүйесін жетілдіру болып табылады.

Бағалы қағаздар нарығының жай-күйі туралы ақпараттың қолжетімділігі инвесторларға, бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларына, эмитенттердің өздеріне өз болжамдарын емес, шынайы көрсеткіштерді негізге ала отырып, бағалы қағаздар нарығындағы ағымдағы жағдайды барабар бағалауға мүмкіндік береді.

Ақпаратты жедел ашу инвесторды қосымша қорғайтын тетік болып табылады, осының нәтижесінде эмитентте күрделі қаржылық қиындықтар туындамай тұрып, проблемалық мәселелер анықталады, бұл қиындықтар оның қаржылық жай-күйіне қандай да бір дәрежеде ықпал етеді.

Осыған байланысты, Заңда (2019 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) эмитенттердің қызметі туралы ақпаратты ашу жүйесін жетілдіруге бағытталған түзетулер көзделді.

Аталған Заңда инвесторлардың эмитенттердің қызметі туралы ақпаратқа қолжетімділігін жүйелендіру мақсатында эмитенттер өз қызметі туралы ашатын ақпараттың тізбесі оңтайландырылды, қайталанатын нормалар алып тасталды, ақпаратты ұсыну форматы бірегейлендірілді.

Бұдан басқа, эмитенттерге қаржылық жүктемені төмендету мақсатында бағалы қағаздарды шығаруға, орналастыруға және олардың айналысына қатысты мәліметтер, жалпы жиналыстар өткізу туралы хабарламалар, жылдық қаржылық есептілік және басқа да мәліметтер түрлі бұқаралық ақпарат құралдарының орнына бірыңғай тегін ақпарат көзі – Қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында орналастырылуға жатады.

Осы түзетулер ақпаратты ашу бойынша G20/ОЭСР корпоративтік басқару қағидаттарымен келісіледі, олар ақпаратты тарату арналары пайдаланушылардың қажетті ақпаратқа тең, уақтылы және артық шығысқа байланысты емес қолжетімділігін қамтамасыз етуге тиіс екендігін белгілейді.

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы алуына болады:

+7 (727) 704 585

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz